

Келісілді:
«Іпауат» жеке балабақшасы
Әдіскері: Гумарова У.М.



Бекітілді:
«Іпауат» жеке балабақшасы
Меңгерушісі: Султанова А.Б.



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоснары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023- 2024 оқу жылына
арналған «Балапан» кіші тобының ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоснары

Түсінік хат

2023 -2024 оқу жылында «Іпауат» жеке балабақшасының «Балапан» Кіші тобы балаларының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың перспективалық жоспары құрастыруда төмендегі нормативті –құқықтық құжаттарды басшылыққа алды:

-Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348»Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті Стандарты,

-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20желтоқсандағы №557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрінің 2022 жылғы 9қыркүйектегі №394 бұйрығының 1-қосымшасы,

-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламарын бекіту туралы»бұйрығымен (2022жыл14 қазан №422 бұйрық өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы,

2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектеп алды тәрбиелеу топтарында тәрбиелеу –білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты («Балаларды ерте дамыту институтының»Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылды 2023 жылғы 26 шілдедегі (№7хаттама)

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласының білім беру бөлімінің 08.09.2022 жылғы Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі бір жас тобында-1жыл Күтілетін нәтижелері перспективалық жоспарда әр айда көрсетілген.

2023-2024 оқу жылындағы ұйымдастырылған іс әрекетінің апталық оқу жүктемесі:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

«Іпауат» жеке балабақшасы

Топ: «Балапан» кіші тобы

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Құндылық:		Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы	
Қыркүйек	Дене шынықтыру	<p>- Негізгі қимыл түрлерін жетілдіру:</p> <p>-жүру; Өртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, колдарын өртүрлі калыпта ұстап жүру.</p> <p>-тепе-теңдік сақтау; Тура жолмен, сызықтармен шектелген (ені 20-25 сантиметр, ұзындығы 2-2,5 метр) жіптің бойымен, гимнастикалық скамейканың үстімен жүру.</p> <p>-жүгіру; Бір калыпты, шашырап, берілген бағытта, өртүрлі қарқынмен жүгіру.</p> <p>-еңбектеу, өрмелеу; Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен, доғаның, гимнастикалық скамейканың астынан еңбектеу.</p> <p>-домалату, лақтыру; Екі қолымен, өртүрлі тәсілдермен өртүрлі бастапқы калыпта 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанға (төмен, жоғары) лақтыру.</p> <p>-секіру; Бір орында тұрып қос аяқпен секіру.</p> <p>- Жалпы дамытушы жаттығулар.</p> <p>-Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</p> <p>-Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</p> <p>Орында жүру. Бастапқы калыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бұту.</p> <p>Қимылды ойындар.</p> <p>Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру.</p>	<p>Өртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен колдарын өртүрлі калыпта ұстап жүреді;</p> <p>шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгертіп жүреді;</p> <p>заттардың бойымен, астымен еңбектейді;</p> <p>допты нысанға лақтырады;</p> <p>қимылды ойындарды қуана ойнайды;</p>

	<p>Дене шынықтыру ***</p>	<p>Спорттық жаттығулар. Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше ролді басқаруға үйрету. Дербес қимыл белсенділігі. Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықпал танытуға баулу. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Жыл бойы медицина қызметкерінің жетекшілігімен балалардың денсаулығы мен жергілікті жағдайлар ескеріліп, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларын жүзеге асыру.</p>	<p>ересектермен бірге дене жаттығуларын орындай алады; спорттық жаттығуларды орындау техникасын біледі;</p> <p>үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын біледі.</p>
--	-------------------------------	--	---

Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау.</p> <p>Сөздік қорды қалыптастыру. Қазақ халқының ұлттық салт дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолдануын ескеру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру.</p>	<p>артикуляциялық жаттығуларды орындайды;</p> <p>Қазақ халқының құндылықтарына қызығушылық танытады; ойыншық, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін сөздерді атайды;</p>
Көркем әдебиет	<p>Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру.</p> <p>Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру.</p> <p>Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау.</p> <p>Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.</p>	<p>Бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерді авторлық шығармаларды тыңдайды;</p> <p>Кітаптардағы иллюстрацияларды қарайды, суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді;</p>

	Сенсорика	<p>Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау.</p> <p>Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.</p>	<p>Түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі қасиеттері бойынша салыстырады;</p> <p>Көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсас біртекті заттарды топтастырады;</p>
	Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Бала, оның отбасы, үйі. Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету, оның мүдделеріне, қажеттіліктеріне, қалауына, мүмкіндігіне құрметпен қарау.</p> <p>Заттық әлем. Баланың бақылауы мен түсінуіне қол жетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін көрінекі заттық-ойын әрекеттерін қолдану.</p> <p>Көлік. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру.</p> <p>Еңбекке баулу. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау.</p> <p>Адамгершілік тәрбиесі. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру.</p> <p>Табиғат әлемі. Аулаға ұшып келетін құстарды торғай, көгершін, қарға, үй құстарын тауық, қаз, үйрек, маусымға тән табиғат</p>	<p>Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінеді; табиғи материалдардың қасиеттері туралы түсініктері бар;</p>

	құбылыстарын бақылау. Өлі табиғат және олармен әрекет ету түрлері туралы түсініктерді қалыптастыру, олармен ойнау және эксперимент жасау.	
Құрастыру	- Кеңістік қатынастарды түсіну, құрлыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.	Табиғи материалдармен (құм, су, тас) ойнайды; Тұрғызылған қарапайым құрлыстарды атайды;
Сурет салу	- Қағазға, құмға саусақпен сурет салу. Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды ұмаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау.	Қағазға және құмға сурет салудың бастапқы техникасын меңгерген; Қағаздың қасиеттерін біледі;
Мүсіндеу	- Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу.	Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін меңгерген кесектерді үжен бөліктерден бөліп алады, оларды біртұтас етіп біріктіреді, сазбалшықты өздігінен илей алады;
Жапсыру	- Фланелеграфта геометриялық фигураларды, машиналады, үйлерді, дөптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық ою өріктерін орналастыруды үйрету.	Фланелеграфта қарапайым композицияларды орналастырады және құрастырады;
Музыка ***	- музыкаға деген қызығушылығын ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу.	Әндегі сөз тіркестерін айтады ересектермен бірге; Музыкалық аспаптарды ажыратады; (бүбін, сымдырмақ, барабан, асатаяқ)

	<p>Музыка тыңдау. Әннің мағанасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындаған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу.</p> <p>Ән айту. Ересектердің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Қимылдарды музыкалық аспаптармен орындау дағдысын дамыту. (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен)</p>	
--	---	---

Мектепке дейінгі ұйым: «Inayat» жеке балабақшасы
 Топ: «Балапан» кіші тобы
 Балалардың жасы: 2 жас
 Жоспардың құрылу кезеңі: сәуір айы 01-30.04.2024ж

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	
Сәуір	Дене шынықтыру	<p>- Негізгі қимыл түрлерін жетілдіру:</p> <p>-жүру; Өртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен колдарын өртүрлі калыпта ұстап,бір бірінің колдарынан ұстап аяқтың ұшымен жүру.</p> <p>-тепе-теңдік сақтау; тура жолмен шектелген жіптің бойымен,Гимнастика-лық скамейканың үстімен жүру.</p> <p>-жүгіру; жүруден бірінің соңынан бірі шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру.</p> <p>-енбектеу,өрмелеу;биіктігі 10сантиметр ауданы 50x50 сантиметр модульге өрмелеу.</p> <p>-домалату,лақтыру; екі колмен,өртүрлі тәсілдермен өрткрлі бастапқы калыпта 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға төмен жоғары лақтыру.</p> <p>-секіру; бір орында тұрып қос аяқпен секіруге,алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін секіру.</p> <p>- Жалпы дамытушы жаттығулар. Орнында жүру. -Бастапқы калыпта тұрып,сол,оң аяқтың тізесін заттан ұстап бұту. -Таяныштан ұстап отыру,аяқтың ұшымен тұрып тартылу.</p> <p>Қимылды ойындар. Қимылдарды үйлесімді орындауға,кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру;аю сияқты қорбандап жүру).</p>	<p>өртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен колдарын өртүрлі калыпта ұстап жүреді; жүруде тепе-теңдікті сақтайды; заттардың бойымен, астымен енбектейді; доптарды заттардың арасымен, бір-біріне домалатады; ересектермен бірге дене жаттығуларын орындай алады;</p> <p>қимылды ойындарды қуана ойнайды; қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіреді;</p>
	Дене шынықтыру ***	<p>Спорттық жаттығулар. Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға,одан</p>	Белгілі бір ретпен кінәсі және шешінеді;

	<p>ересектердің көмегінің түсуге, өз бетінше рөлді басқаруға үйрету.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі. Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықпал танытуға баулу.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Тамақ ішкен кезде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру.</p>	<p>Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын біледі; бетін, қолдарын өз бетінше жуады; жеке заттарды қолданады;</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратының сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету.</p> <p>Сөздік қорды қалыптастыру. Балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтар алдында тыңдатуы әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Кейіпкерлердің әрекеттерін қимылдарын қайталатып ойнату.</p>	<p>Сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдер мен етістіктерді, сын есімдерді қолданады; Қазақ халқының құндылықтарына қызығушылық танытады; сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдер мен етістіктерді, сын есімдерді қолданады;</p>
Көркем әдебиет	<p>- Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау.</p>	<p>Ойындарда кейіпкерлердің бейнелерін қарапайым түрде бере алады; таныс шығармаларды көрнекіліксіз тыңдайды;</p>

	Балалардың назарын кітапты карап отырған балаға аудару. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.	
Сенсорика	-Заттарды түсі,көлемі,пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.	Түсі,көлемі,пішіні бойынша заттарды өз бетінше зерттейді және салыстырады; Көлемі,пішіні,түсі бойынша ұқсас біртекті заттарды топтастырады;
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі. Балаларға ересектердің басқа балалар сияқты жақсы көретіне сенім қалыптастыру. Заттық әлем. Баланың бақылауы мен түсінуіне қол жетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін көрнекі заттық- ойын әрекеттерін қолдану. Көлік. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру. Еңбекке баулу. Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Адамгершілік тәрбиесі. Жақын адамдарының жағдайын эмоциялды қабылдай білуге тәрбиелеу,жанашырлық,қамқорлық таныту. Табиғат әлемі. Фланелеграфта қарапайым композицияларды орналастырады және құрастырады; «Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен,серуенде және	Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық танытады: оларды жақсы көреді, сипайды; Серуенде сумен, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерін біледі;

	сүмен, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерімен таныстыру, өсімдіктер мен жанурларға сүйіспеншілік таныту және қамқорлық жасау.	
Құрастыру	- Құрастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту, үстіне, жанына қою.	Өз бетінше құрастыруға тырысады;
Сурет салу	- Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.	Қаламда дұрыс ұстайды, тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізеді;
Мүсіндеу	- Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұтырма орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.	Дайын болған бұйымды тұтырма орналастырады, жұмыстан кейін материалдарды жинастырады;
Жапсыру	- Фланелеграфта геометриялық фигураларды, машиналады, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық ою өрнектерін орналастыруды үйрету.	Фланелеграфта қарапайым композицияларды орналастырады және құрастырады;
Музыка ***	- музыкаға деген қызығушылығын ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу. Музыка тыңдау. Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану	Әндегі сөз тіркестерін айтады ересектермен бірге; Бұрын естіген әндерді таныды; Музыкалық ырғақтық қимылдарды: денені оңға, солға

	<p>және музыканы есте сақтау. Ән айту. Ересектердің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әнінің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің сонын бірге айтуға ынталандыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.</p>	<p>бұру, басты оңға, солға ию, колдарды сермеуді орындайды;</p>
--	--	---

Мектепке дейінгі ұйым: «Інауат» жеке балабақшасы

Топ: «Балапан» кіші тобы

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: мамыр айы 01-31.05.2024ж

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Мамыр	Дене шынықтыру	<p>- Негізгі қимыл түрлерін жетілдіру:</p> <p>-жүру; Бүкіл топтеңіз қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру.</p> <p>-тепе-теңдік сақтау; заттарға шығу, тұру, колдарын жоғары көтеру, түсу, заттардан, құрсаудан құрсауға аттап өту.</p> <p>-жүгіру; бағытты өзгертіп, шашаырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру.</p> <p>-сербектеу, өрмелеу; әртүрлі заттардың, арканның астынан нысанаға дейін төрттағандап сербектеу.</p> <p>-домалату, лақтыру; отырып және тұрып, түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалату.</p> <p>-секіру; 10-15 сантиметр биіктіктен секіруге, еденде жатқан секіргіштен секіруге үйрету.</p> <p>- Жалпы дамытушы жаттығулар.</p> <p>-Аяқтың өкшесін алға қою.</p> <p>-Аяқтың бақайларын қимылдату.</p> <p>Қимылды ойындар.</p> <p>Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып,</p>	<p>Күтілетін нәтиже</p> <p>Жеке заттарды қолданады; спорттық жаттығуларды орындау техникасын біледі; Қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіреді; Қимылды ойындарды қуана орындайды; жүруде тепе-теңдікті сақтайды; заттардың бойымен, астымен сербектейді;</p>
	Дене шынықтыру ***	<p>Спорттық жаттығулар.</p> <p>Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегісіз түсуге, өз бетінше рөлді басқаруға үйрету.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі.</p> <p>Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықпал танытуға баулу.</p>	<p>қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіреді; бетін, колдарын өз бетінше жуады; жеке заттарды қолданады; жеке гигиенаның бастапқы дағдыларын меңгерген;</p>

	<p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Ересектің көмегімен өзін ретке келтіру, жеке заттарды қолдану, үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Сынықтыру-шынықтыру шаралары. Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру.</p>	
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау.</p> <p>Сөздік қорды қалыптастыру. Менгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өз бетінше қолдануға ықпал ету.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Кейіпкерлердің әрекеттерін қимылдарын қайталатып ойнату.</p>	Менгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өз бетінше қолданады; Ересектердің сөзін түсінеді, өз ойын айтады;
Көркем әдебиет	- Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау.	Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдайды; Педагогтің көмегімен шағын тақпақтарды қайталап айтады;
Сенсорика	- Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.	Заттардың көлемін, түсін және пішінін білдіретін сөздерді түсінеді; Заттардың санын ажыратады (біреу, көп);

Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Бала, оның отбасы, үйі. Фотосуреттерден тану, өзінің есімін және жасын атау, баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету.</p> <p>Заттық әлем. Заттық бағдарлық әрекеттерді, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді, орындауға баулу.</p> <p>Көлік. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру.</p> <p>Еңбекке баулу. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға үйрету.</p> <p>Адамгершілік тәрбиесі. Ата-аналарын сыйлауға баулу.</p> <p>Табиғат әлемі. Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін біледі. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру.</p>	<p>Көлік, көше, жол туралы бастапқы түсініктері бар, көлік құралдарының кейбір түрлерін біледі;</p> <p>Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін біледі;</p>
Құрастыру	<p>- Кеністік қатынастарды түсіну, құрлыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.</p>	<p>Өз бетінше құрастыруға тырысады;</p> <p>Табиғи материалдармен ойнайды;</p> <p>Тұрғызылған қарапайым құрлыстарды атайды;</p>
Сурет салу	<p>- Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.</p>	<p>Қаламда дұрыс ұстайды, тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізеді.</p>

	Мүсіндеу	- Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.	Дайын болған бұйымды тұғырға орналастырады, жұмыстан кейін материалдарды жинастырады;
	Жапсыру	- Фланелеграфта геометриялық фигураларды, машиналады, үйлерді, дөңгелерді, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық ою өрнектерін орналастыруды үйрету. - Жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін үйрету.	Фланелеграфта қарапайым композицияларды орналастырады және құрастырады; Симметриялық пішіндерді, ою, өрнектерді орналастырады;

	Музыка ***	<p>- музыкаға деген қызығушылығын ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу.</p> <p>Музыка тыңдау. Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау.</p> <p>Ән айту. Ересектердің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.</p>	<p>Әңдегі сөз тіркестерін айтады ересектермен бірге; Бұрын естіген әндерді таниды; Музыкалық ырғақтық қимылдарды: денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға иію, қолдарды сермеуді орындайды;</p>
--	------------	---	--